

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Мектепалды топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы					
Балалардың жасы	5 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	27.03 - 31.03.2023				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен	Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу.				

әңгімелесу, кеңес беру					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Өсімдіктерді құнарландыру". Мақсат-міндеттер. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатындығын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. (еңбек іс-әрекеті)	"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмедегі терезенің ернек тақтайларын дымқыл шүберекпен сүртеміз". Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю. (еңбек іс-әрекеті)	"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Мақсат-міндеттер. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау. (еңбек іс-әрекеті)	"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттер. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауға, оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)	"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсат-міндеттер. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. (еңбек іс-әрекеті)
	«Игі істер қоржыны» Түрлі-түсті қағаздан дөңгелектерді немесе жүрекшелерді қиып	"Қазақ халқының салт-дәстүрлеріне саяхат" дидактикалық ойыны.	"Әдемі кілемшелер" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер.	Вариативті компонент - Жас зерттеуші "Зергерлік бұйымдар"	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Өнер алды - қызыл тіл". Мақсат-міндеттер:

	алуға болады. Әр күннің соңында балаға «қоржынға» бүгін қанша игі істер жасаса, сонша дөңгелек салу ұсынылады. Бала қиналған жағдайда, оған көмектесу керек. Мұндай ойын баланы игі істер жасауға ынталандырады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар) "Қоржынды безендірейік" Мақсат-міндеттер: балаларды тіктөртбұрышты пішінді қағаздың, "қоржынның", бұрыштарына және ортасына	Мақсат-міндеттер. Тәрбиеленушілердің қазақ халқының салт-дәстүрлері жайлы білімдерін жинақтау, білетін және үйренген ақпараттарын өзара ұштастырып, сын тұрғысынан ойлауға, талқылауға үйрету, салт-дәстүрлерді құрметтеп, қадірлей білуге, мейірімділікке тәрбиелеу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)	Бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. (танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет)	Мақсат-міндеттер: ұлттық қолданбалы өнер туралы, алған түсінігі мен әсерлерін түрлі жолдармен жеткізу, балалардың ұлттық бұйымға деген қызығушылығын, сана-сезімін, ынта-жігерін арттыру.	балаларды жаңылтпаштармен таныстыра отырып, бар ықыластарымен түсініп, тыңдауға үйрету. (қарым-қатынас іс-әрекеті)
--	--	---	--	--	---

	симметриялық "қошқар мүйіз" оюын құрастыра білуге баулу. (шығармашылық іс-әрекет)				
Таңертенгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен) 1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде. 1-таяқшаны екі қолдарымен көкірек тұсына қояды; 2-таяқшаны жоғары көтереді; 3-көкірек тұсына қояды ; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде. 1-таяқшаны жоғары көтереді; 2-таяқшаны түзу ұстап, оң аяққа иілу; 3-таяқшаны жоғары көтереді; 4-бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады. 3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқшаны иыққа қою. 1-отырып, бас пен арқаны тік ұстау; 2-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. 4. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде. 1-таяқшаны жоғары көтеру; 2-таяқша ұстаған қолымен оңға (солға) иілу; 3-таяқшаны жоғары ұстап, тіктелу; 4-бастапқы қалып. Жаттығу 6-8 рет қайталанады. 5. Бастапқы қалып: жерге ептетінен жатып, таяқшаны бүгілген қолдарымен алдына қою. 1-2-таяқшаны жоғары көтеріп, артқа бүгілу; 3-4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. 6. Бастапқы қалып: таяқшаның алдында тұрып, қолды төменде ұстау. Таяқшаны айналып, оңға-солға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша жерде. Таяқшаны аттап, оңға-солға секіру. Жаттығу 3-4 рет қайталанады. (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.				

	Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Салт-дәстүр. Жолаяқ.</i> Келген қонақты жолға шығарып салып тұрып, оларға «жол болсын» айтып, дәм-тұз ұсынады. Сонан кейін қош айтысып, қалады. Бұл да тамақтың жолының бөлек екенін дәлелдейтін халықтық салт - дәстүрдің бірі. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Өнер көзі - халықта" тақырыбында әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Өнер туралы тақпақтар жаттау, өнерлерін көрсету. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Өнерлі, атақты тұлғалар жайлы әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Өнер туралы мақал-мәтелдер жаттау. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	"Өнерлі өрге жүзер" тақырыбында әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сауат ашу негіздері "[ю] дыбысы және Юю әрпі". Мақсат-міндеттер: [ю] дыбысын және Ю әрпін таныстыру. Артикуляция бойынша дыбысын дұрыс айтуға үйрету. Қазақ тілі "Домбыра туралы аңыз". Мақсат-міндеттер: балаларды қазақ	Сауат ашу негіздері "[ю] дыбысы және Юю әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: [ю] дыбысын және Ю әрпін қайталау. Артикуляция бойынша дыбысын дұрыс айтуға үйрету. Математика негіздері "Зымыранды ғарышқа ұшыру амалдарын игерейік"	Математика негіздері "Ғарыш әлемі" Мақсат-міндеттер: балаларды ғарыш әлемі жайлы түсініктерін қалыптастыру; қағаз бетінде байдарлай отырып, "алыс", "жақын" ұғымдарын қалыптастыру; сөзерді түсініп, оған қарама-қарсы мағыналы сөздер	Математика негіздері "Ғарыш әлемі" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балаларды ғарыш әлемі жайлы түсініктерін қалыптастыру; қағаз бетінде байдарлай отырып, "алыс", "жақын" ұғымдарын қалыптастыру; сөзерді түсініп, оған қарама-қарсы	Сауат ашу негіздері "[ё] дыбысы және Ёё әрпі". Мақсат-міндеттер: балаларды Ё ё дыбысы және әрпімен таныстыру. Ұсынылған әрбір сөзге дыбыстық талдау жасай білуге үйрету. Мүсіндеу "Қобыз - көне аспап" Мақсат-міндеттер:

тілінде домбыра туралы аңызды мұқият тыңдауға үйрету; шығарманың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру негізінде мәтінді түсіну қабілетін дамыту. Дене шынықтыру "Жіп арқылы бір-біріне доп лақтыру" Мақсат-міндеттер: балаларды жіп арқылы бір-біріне бастан асырып доп лақтыруға үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру "Шокжұлдыздар" Мақсат-міндеттер: балаларға астрономияны ғылымы туралы түсініктер беру, ғарыш ғылымы	Мақсат-міндеттер: балаларды алыс және жақын орналасқан объектілердің шынайы сипатын тануға, шамасын салыстыруға үйрету. Музыка "Қанатынмен самғатшы, өнер, мені" Мақсат-міндеттер: балаларды домбыраның дауысын қабылдай тырып, домбырамен орындалатын музыканың сипатын ұғыну және әуезін ажырата білу қабілеттерін жетілдіру. Сөйлеуді дамыту "«Күн мен Ай» ертегісі" Мақсат-міндеттер: балаларға "Күн мен	табуға жаттықтыру. Қазақ тілі "Ғарышкер қалай атанам. Біздің ғарыштың планеталары". Мақсат-міндеттер: балалардың "ғарыш айлағы", "ғарышкер", "ғарыш" сөздерімен таныстыру; ым-ишара, ғарышкерлердің іс-қимыл кешенін орындау арқылы ойын білдіру қабілетін дамыту. Дене шынықтыру "Бір-біріне асырып доп лақтыру" Мақсат-міндеттер: балаларды гимнастикалық орындық үстімен арақашықтығы баладан екі қадам	мағыналы сөздер табуға жаттықтыру. Сөйлеуді дамыту "«Күн мен Ай» ертегісі" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балаларға "Күн мен ай" ертегісін оқып беру; сұрақ жауапқа диалогтік және диалогтік байланыстырып сөйлеуді қосып, мазмұнды сурет бойынша әңгімелеуді, схемаға сүйене отыра, заттарды салыстырырып әңгімелеуін дамыту. Музыка "Айға ұшамын" Мақсат-міндеттер: балалардың әнді тыңдауға деген қызығушылығын	балаларды сазбалшықтың кесегін созу, ойық жасау арқылы қобызды, сазбалшықтан кішкентай кесек үзіп алып, есу арқылы қобыздың ысқышын мүсіндеуге үйрету. Дене шынықтыру "Допты бір-бірінен асырып лақтыру жаттығуын пысықтау" Мақсат-міндеттер: балаларды арақашықтығы 40 см құрсаудан келесі құрсауға бір аяқтап секіруге үйрету. Көркем әдебиет "Домбыра туралы аңыз" (қайталау) Мақсат-міндеттер: аңыз туарлы түсінік
--	---	---	---	---

	ретінде таныстыру; ғарыш, ғарышкерлер, планеталар, жұлдыздар, Күн жүйесі деге ұғымдарды балаларға түсіндіру.	ай" ертегісін оқып беру; сұрақ жауапқа монологтік және диалогтік байланыстырып сөйлеуді қосып, мазмұнды сурет бойынша әңгімелеуді, схемаға сүйене отыра, заттарды салыстырырып әңгімелеуін дамыту.	қашықтықта қойылған толтырылған доптардан аттап жүруге үйрету. Көркем әдебиет "Домбыра туралы аңыз" Мақсат-міндеттер: аңыз туарлы түсінік беру. Аңызды оқып, мағынасын ашу, түсіндіру. Сөздік қорларын молайту. Қазақтың ұлттық аспабы жайлы мағлұмат беру. Домбыраны қастерлеуге үйрету.	арттыру; әннің мазмұнын әуен арқылы эмоциямен қабылдай білуге үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру "Ғарыш әлемі" Мақсат-міндеттер: балалардың ғарыш әлемі туралы ұғымдарын кеңейту; ғарыш кемесінің құрылысын сызба арқылы, өзге балалармен бірлесіп жобада іске асыруға үйрету.	беру. Аңызды оқып, мағынасын ашу, түсіндіру. Сөздік қорларын молайту. Қазақтың ұлттық аспабы жайлы мағлұмат беру. Домбыраны қастерлеуге үйрету.
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)				
Серуенге дайындық	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	Бұтақтардың бүршіктенуін	Аққайыңның шырын бөлген	Ағаштардың гүлденуін бақылау.	Қылқанды ағаштарды бақылау	Теректі бақылау. (қоршаған ортамен

бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Тақпақ. Көк орманда көп ағаш, Өскен жақсы аралас. Ең әдемі меніңше, Құс ұясы бар ағаш. Бақылау. Балалармен бүршіктерді бақылау. Балаларға ісініп бүр жарып тұрған бүрден жапырақтар шығып келе жатқанын көрсету. Күн жылынғанда ағаштардың бүршіктері ісінеді, содан жапырақтар пайда болатынын түсіндіру Тәжірибе. Құмырадағы бұтақ жылы жерде тез	уақытын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Көк орманда көп ағаш. Өскен жақсы аралас. Ең әдемі меніңше Құс ұясы бар ағаш. Бақылау. Балалардың назарын ақ қайыңға аудару. Көктем келісімен ағаштардың шырындык қозғалысы болатынын атап өту. Бұл жағдай көктемде еріген қардың суын тамыры арқылы жұтып, шырын бөліндісі содан пайда болатынын түсіндіру. Ол қыс бойғы өсімдіктердің тағамдық қорының еруінен пайда	(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Жұмбақтар. Жаз болса жайнап, Саясында ән салып, Құстар жүрген сайрап. Бұл не? (Ағаш) Жазда жатсаң – көлеңкесіне алады, Қыста жатсаң – жаның рахат табады. (Ағаш) Бақылау. Ағаштар бүр жарды, одан кейін жапырақ шықты, кейін гүлдеді. Басқа гүлдеген ағаштардың гүлімен салыстыру. Балаларды табиғатты қорғауға тәрбиелеу арқылы олардың әдемілігіне сүйсіндіру.	(қарағай, шырша). (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Жұмбақ. Қар су болып жөнелді, Қалды дала жалаңаш. Күн нұрына кеңелді, Бүршік атып бар ... (Ағаш) Тақпақ. Алма ағаштың құшағы – Қанат жайған бұтағы. Жапырағы жүрегі, Бұтақтары білегі. Бақылау. Балаларға қылқанды ағаштарды білуге үйрету. Балабақша аймағындағы өсіп жатқан екі түрлі қылқанды ағашты, сыртқы белгілерінен білу. Басқа ағаштардан	танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Тақпақ. Гүлдерге толы ауламыз, Біз өсеміз, толамыз. Бәріміз де ер жетіп, Үлкен жігіт боламыз. Бақылау. Терек – ағаштардың бір түрі екені туралы түсінік беру, табиғатқа сүйсінуге тәрбиелеу. Қимылды ойын. «Түйілген орамал». (дене шынықтыру) Шеңберге тұрып, екі қолмен түйілген орамалды қағып алу, икемділіктерін арттыру. Ойын барысында достық және құрдастар арасында қарым-қатынасты, ойын шартын сақтауға
---	---	--	---	--

	бүршік жарады. Қимылды ойын. «Лақтырып қағып ал». (дене шынықтыру) Ептілікті, шапшаңдықты, тапқырлықты талап ету. Еңбек. Балалар үлкендермен бірге көшет отырғызады. (еңбек іс-әрекеті) Өз бетімен ойындар. Жақсы көретін ойыншықтармен ойнау. Ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу. (дене шынықтыру)	болатын ерітінді. Балалардың қызуғышылығы мен қабілетін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін ояту. Қимылды ойын. «Орман дақтары». (дене шынықтыру) Балалардың өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуін дамыту. Ойын шарты бойынша. Ағашқа арқасын беріп тұрған, қос қолымен ұстасып тұрған баланы қозғауға болмайтынын айту. Ойынға деген қызығушылықты арттыру. Еңбек. Ағаштың жан-жағын дөңгелетіп қопсыту, еңбекке тәрбиелеу. Жалпы пайда үшін еңбектенуге үйрету.	Қимылды ойын. «Домалақты жерге түсіріп алма». (дене шынықтыру) Берілген дыбыс бойынша қасықты қолына алады. Қасыққа кішкентай домалақ шарды салып түсірмей берілген жерге жеткізу, ептілікке баулу. Еңбек. Алаңдағы жұмыстар. Жасаған құс ұясын ағашқа орнату. (еңбек іс-әрекеті) Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру) «Доппен ойнаймыз».	ерекшеліктерін көру, оларды атау. Ағаштарды қастерлеп, оларды күтуге тәрбиелеу. Қимылды ойын. «Жіпті көтеру». (дене шынықтыру) Жіпті бекітіп, белгі бойынша жүгіріп келу. Кім бірінші болып мәреге келіп, жіпті бірінші болып тартып алса, сол жеңімпаз. Баланың шапшаңдығы мен ептілігін дамыту. Еңбек. (еңбек іс-әрекеті) Табиғат бұрышындағы жұмыс. Гүлдерді отырғызу. Балаларды жерді қопсытып, суаруға үйрету. Үлкендерге көмек көрсетуге тәрбиелеу.	үйрету. Еңбек. Табиғат бұрышындағы жұмыс. Көшетті суару. Су бұрқақпен жапырақтарға су себелеу. Балаларға табиғат бұрышындағы гүлдерді суарту, бүркіп шашу әдісін үйрету. Үлкендерге көмек көрсеткеніне риза болып, мадақтау. Еңбек етуге деген оңды қатынасқа тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті) Өз бетімен ойындар. Балалардың ойын тақырыбын өз бетінше тандап алуы, шығармашылық қаблеттерін, қимыл-әрекеттерін дамыту. (дене шынықтыру)
--	--	---	--	--	---

		(еңбек дағдылары) Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру) Бірлескен іс-әрекет барысында ереже мен тәртіп нормаларын белсенді қолдана білуге ынталандыру.		Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру) Ойын барысында бір- бірімен қарым- қатынас жасап, өз ойларын ортаға салып, құрдастарының шешіміне келіспеушілік білдіре білу, рөлдерге бөлу, ойыншықты бөлісе білуге дағдыландыру.	
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Салт-дәстүр. Жолаяқ.</i> Келген қонақты жолға шығарып салып тұрып, оларға «жол болсын» айтып, дәм-тұз ұсынады. Сонан кейін қош айтысып, қалады. Бұл да тамақтың жолының бөлек екенін дәлелдейтін халықтық салт - дәстүрдің бірі. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				

Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. Қайық жаттығуы (ішпен жату, қолдары иектің астында, жоғары тартылып, еңкею, тербелу). (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дамытушы жаттығу. "Қанша және қандай айырмашылықтары бар?" Мақсат-міндеттер. Балалардың қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. Құралдар. Жұпты суреттер (екінші суретте бірінші суретке қарағанда, көзге байқала қоймайтын бірнеше өзгерістер	Дидактикалық ойын. "Кейіпкердің сөздерін жалғастыр". Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі ертегінің кез келген кейіпкерінің айтқан сөздерін ары қарай жалғастыруға ынталандыру; байланыстыра сөйлеу мәдениетін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорды байыту; ертегілер әлеміне тұрақты қызығушылықты	Дамытушы ойын. "Суретшінің қатесін тап". Мақсат-міндеттер. Заттар, жан-жануарлар, құбылыстар жөніндегі балалардың ұғымдарын пысықтау; табиғатына сәйкес емес белгілерді байқап, құрылымында немесе сипатында не дұрыс еместігін атауға жаттықтыру; қоршаған әлем заңдылықтарына	Дамытушы ойын. "Қимылдар тізбегі". Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі қимылдар тізбегіне қарап, есте сақтап, тура сол қимылдар тізбегін дәлме-дәл қайта көрсетуге жаттықтыру; есте сақтау, зейін, ойлау, кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту; достыққа, ұйымшылдаққа тәрбиелеу. Педагог немесе балалардың бірі қалған балалардың алдында бірнеше	Дидактикалық ойын. "Тергеушілер". Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін дамыту. Шарты. Педагог балаларға әртүрлі заттарды кезекпен көрсетіп жатады. Балалар заттың кімге және не үшін қажетін екенін түсіндіреді. Ойынның тағы бір нұсқасы: қалаған бала түрлі заттар жатқан қораптан белгілі затты

болады). Шарты. Педагог балаларға бірінші суретті көрсетіп, содан соң оған ұқсас екінші суретте көруді ұсынады. Балалар екінші суретте, біріншіге қарағанда не өзгергенін айтады, айырмашылықтарын табады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Киім тігу шеберханасы". Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігінде киім тігу шеберханасы	арттыру; халық ауыз әдебиеті үлгілеріне сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу. Құралдар. Түрлі ертегілер бойынша белгілі сюжеттер салынған суреттер. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Отбасы". Мақсат-міндеттер. Отбасы мүшелері жөнінде балалардың ұғымдардың нығайту; отбасы мүшелерінің әрқайсының рөлі туралы ойларын пысықтау; үлкенге	деген қызығушылықты арттыру, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар. Сыртқы сипатында, құрмынадай болуы мүмкін: "Қасқырдың жүні жасыл емес, сұр болады", "Қоянның құлағы тышқанның құлағындай кішкентай емес, ұзын болады", "Күндіз аспанда жұлдыздар көрінбейді", "Бұлақ төменнен жоғары емес, жоғарыдан төмен ағады", "Бәйшешек күзде емес, көктемде шығады", "Аққала көктемде аулада тұра алмайды, еріп кетеді", "Ит ағаштағы ұяда емес, аулада, ағаш үйшікте	қимылдар тізбегін (кешенін) көрсетеді. Балалар мұқият қарап болғаннан кейін есте сақтап, қимылдарды қайта жаңғыртады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Туған күн". Мақсат-міндеттер. Балалардан "туған күн" ұғымын қалайша түсінетіндерін рөлдік ойын барысында анықтау; отбасыда туған күнді атау дәстүрі жайындағы білімдерін кеңейту; жақынына деген	өздігінен алып, оған сипаттама береді. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Ойыншықтарды жөндеу шеберханасы". Мақсат-міндеттер. Балалардың ойыншықтар жайындағы білімдерін нығайту, шығармашылықпен ойлану, нәтижелі қарым-қатынастар жасай білу қабілеттерін дамыту, заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру.
---	---	---	--	---

ұғымын бекіту; ойын барысында дизайнер, киім үлгісін пішуші маманы, тігінші, тоқымашы, үтіктеуші сияқты мамандықтардың киім тігу шеберханасында қандай орын алатыны туралы түсініктерін тиянақтау; ойын барысында рөлдерді игерту; эстетикалық талғамды, ойлау қабілетін; төзімділікке, еңбексүйгіштікке, адамның еңбегін қадірлеу қабілетіне тәрбиелеу. Құралдар. Ілмектер, ойыншық тігін машинасы, ойыншық қайшы, ойыншық үтік, жіптер, мата үлгілері,	құрмет, жақынына деген сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу. Құралдар. Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыс-аяқ, алжапқыш, ойыншық саймандар, кітап, газета, сыпырғыш, шелек пен сүлгі, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника тағы басқа заттар мен киім үлгілері. Шарты. Балалар отбасы мүшелерінің рөлдерін бөліседі, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог алдымен балалармен бірге күн тәртібіндегі қандай	тұрады", "Жазда өзен мұз бола алмайды, себебі күн ыстық", "Түлкінің құйрығы қоянның қысқа құйрығы сияқты емес, қалың, сарғыш болады" және тағы басқа нұсқалар. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Супермаркет". Мақсат-міндеттер. Балаларға "Супермаркеттің" қызметі жайында түсіндіру; супермаркетте әртүрлі тауарлар сатылатыны жайында мәліметтер беру;	сүйіспеншілікке, достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Туған күнді өтеуге қажетті безендіру жабдықтары, торт және басқа тәттілердің жасанды пішіндері, журналдан қиылған суреттер; әдемі қапталған сыйлықтар; ойыншық музыкалық аспаптар, микрофондар; сайқымазақ немесе басқа кейіпкерлердің костюмдері. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп әрбір отбасыда туған күннің қалай өтетіні жайында әңгімелеп, тәттілерді әзірлеуге қандай құралдарды пайдаланатынын анықтайды; туған	Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лего ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар). Шарты. Балалар өз қалаулары бойынша немесе топтастардың көрсетуімен шеберлердің рөлін ойнайтын балаларды тағайындайды. Олар үшін педагог белгілі бұрышты ұйымдастырып, безендіріп қояды. Ойыншы балалар сынық ойыншықтарын әкеліп, шеберлерге өз көрсетеді, шеберлер сынық ойыншықты
---	--	--	---	---

	бор, сызғыш, қарындаш, сәнді киімдердің суреттері басылған журналдар, киім үлгілерінің сызбалары. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп, киім тігу шеберханасы туралы суреттерді қарайды, бұнда қызмет ететін мамандардың еңбегі жайында әңгімелеседі; түрлі сән журналдарын, сәнді киімдерді көрсету туралы бейнежазбаларды көреді, бәрін зерттейді. Балалар дизайнер, киім үлгісін пішуші маман, тігінші, тоқымашы, үтіктеуші сияқты мамандарға бөлінеді, қолдарына қажетті жабдықтар	оқиғаны ойнау қажет екендігін анықтап алады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)	сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Құралдар. Сөрелер, қораптар, ілмектер, киім, аяқкиім үлгілері, ыдыс-аяқтар, жиһаздар, азықтар, ойыншықтар; ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, тауарларға арбалар, қаражат қағаздары; есептеу машиналарының макеттері. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен әңгімелесулер,	күнін атау дәстүрі қайдан келгенін талқылайды. Балалар туған күнін өткізу үшін, педагогпен бірге қандай әрекеттер тізбегін жасау керектігін жоспарлайды. Содан соң қалаған балалар өздерінің сол жоспар бойынша қандай міндеттерді атқаратыны жайында айтады, қажетті құралдары алып, туған күніне дайындай бастайды. Туған күн иесін балалар санамақ арқылы таңдауы мүмкін. Оқу жылының аяғына дейін әрбір бала туған күнінің иесі болып үлгеруі тиіс. Алғашында педагог	зерттеп, жөндеп береді. Ойыншылар шеберлерге жұмысының ақысын төлейді. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)
--	--	--	--	--	--

	алып, орындарына отырады. Қалған балалар тұтынушылар болып, сән журналынан өздеріне киім үлгісін, тігіншімен бірге мата үлгісін таңдайды. Алғашында педагог ойын барысын белгілі фразалармен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша, әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қояды, өзі журналист ретінде ойынға қатысып жүреді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адамның әдемі киімді киім жүруі үшін көптеген мамандар еңбек етеді, еңбекті қадірлеу керек; ал		супермаркеттің суреттері, бейнежазбалар мен жарнамаларды көрсетіп, супермаркетте адамның кез келген тауарды сатып алумен байланысты барлық мұқтажы орындалатынын түсіндіреді. Супермаркеттің алып жатқан орны кең және тауарлар көптеген сөрелерде топтасып орналасатыны жайында да айтылуы тиісті. Супермаркетте сатушы емес кеңесші мен есепшілер (есептеу машинасы) көп болатыны, кеңесшілер тауарларды сөрелерге уақытында	өз тарапынан ойын барысын сөзбен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша әрекеттерін анықтайтын, сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады, ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады. Туған күннің әдемі өтуіне бірнеше себеп болады: қонақтардың жақсы ниетпен келуі, тағамдардың дәмді болуы, ойын-сауық шараларының қызықты дайындалуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-	
--	--	--	---	--	--

	еңбекте өте төзімді және шебер болу қажет. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)		орналастырып, сатып алушыларға тауарды таңдауға көмектесетіні, есепшілер тек таңдалған тауарларды санап беріп, қанша қаражатты беру керектігін айтатыны туралы балалар білу керек. Балалар ойыншыларды санамақ арқылы таңдайды, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, арба, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады; кеңесшілер балаларға не таңдау керектігі туралы кеңес айтып жатады, есепшілер есептейді. Педагог балалардың	әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)	
--	---	--	--	--	--

			диалогтарын, қарым-қатынас үлгілерін, сөйлеу тізбектерін реттеп отырады, қосымша және тиянақтау сұрақтарын қойып жатады. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, сапасы сақталып, жақсы сатылады; супермаркет қоғамды орын болғандықтан, әдептілік ережелерін ұстану керек; супермаркетте жүрген барлық адам бір-бірінің уақытын, еңбегін бағалау керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-		
--	--	--	--	--	--

			әрекеті)		
Балалармен жеке жұмыс	«Игі істер қоржыны» Түрлі-түсті қағаздан дөңгелектерді немесе жүрекшелерді қиып алуға болады. Әр күннің соңында балаға «қоржынға» бүгін қанша игі істер жасаса, сонша дөңгелек салу ұсынылады. Бала қиналған жағдайда, оған көмектесу керек. Мұндай ойын баланы игі істер жасауға ынталандырады.	Ілияс Жансүгіров «Домбыра» өлеңін жаттау Тарт күйінді, домбыра! Төгіл, төгіл тәтті күй, Тау суындай сылдыра, Желпін, желпін жел соқтыр! Тауда тұман тұрмасын, Көкте бұлт ыдыра! Тыңдамаған қоймасын, Ойды-қырды қыдыра, Құлшына тарт, домбыра! (қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Артық құсты тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Қыстайтын құстарды сыртқы түрінен тануға жаттығу; "жыл құстары" ұғымын нақтылау, олардың аттарын есте сақтау, қыстайтын құстарды ажырату, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту. Барысы. Педагог жыл құстарын жемшашарға ұшып келген қыстайтын құстардың арасына арнайы орналастырады. Балалар құстарды мұқият тексеріп, артық құстың атын	Өнер туралы мақал-мәтелдер жаттау. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	

			атайды. Педагог балалардан өз тандауын түсіндіруді сұрайды. (қарым-қатынас іс-әрекеті,		
Серуенге дайындық	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)				
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Салт-дәстүр. Жолаяқ.</i> Келген қонақты жолға шығарып салып тұрып, оларға «жол болсын» айтып, дәм-тұз ұсынады. Сонан кейін қош айтысып, қалады. Бұл да тамақтың жолының бөлек екенін дәлелдейтін халықтық салт - дәстүрдің бірі. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Балалардың дербес	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту,				

әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру. Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Мақсат-міндеттер. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. Ертеңгілікке дайындық. Өнер бұрышында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл») туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау. Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)
---	---

	Мақсат-міндеттер. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну. Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну. Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту. Мерекелік мерекелердің Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Баланы ойлануға қалай үйретуге болады?» атты тақырыпта ата-аналарға кеңес.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	«Баланың демалысын дұрыс ұйымдастыру».	«Отбасындағы бала тәрбиесінің маңызы» тақырыбында ата-аналарға кеңес.	Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу.